

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

**2025 жылғы 25 маусым**

**№ AIFC-C/CFI/2025/0016 іс**

**LUFT LIMITED**

**Талап қоюшы**

**қарсы**

**(1) BORDAI LIMITED**

**(2) ARABA LIMITED**

**Жауапкерлер**

---

**ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ**

---

**Сот Судьясы:**

**Том Монтагю-Смит КС**

**БҰЙРЫҚ**

Талап қоюшыдың 2025 жылғы 18 наурыздағы бірігу туралы шартқа («Шарт») сәйкес Талап қоюшы мен Жауапкерлерді біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру жөніндегі ұсынылған келісімді («Келісім») бекіту туралы сот бұйрығын шығару туралы талап арыз беруінен кейін.

**СОТ МЫНАНЫ БҰЙЫРДЫ ЖӘНЕ АНЫҚТАДЫ:**

1. Келісім АХҚО-ның «Компаниялар туралы» ережесінің 124-бөліміне сәйкес Сотпен санкцияланады.
2. АХҚО-ның «Компаниялар туралы» ережесінің 126-бөліміне сәйкес Талап қоюшы мен Жауапкерлер Шартта көзделген талаптар бойынша біріктірілуге жатады.
3. Araba Limited компаниясы Luft Limited және Bordai Limited компанияларының активтері, міндеттемелері, құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мирасқор болып табылады.
4. Bordai Limited және Luft Limited компаниялары таратылуға (ликвидацияға) жатады.

## ШЕШІМ

1. Осы талап арызбен Талап қоюшы келесі сот бұйрықтарын шығаруды және заңдық фактілерді белгілеуді сұрайды:
  - 1) Талап қоюшы мен Жауапкерлерді біріктіруді бекіту және оған қатысты өкім шығару;
  - 2) Екінші Жауапкер («Araba») Талап қоюшы («Luft») мен Бірінші Жауапкердің («Bordai») активтері, міндеттемелері, құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мирасқор болып табылатынын белгілеу; және
  - 3) Luft және Bordai компанияларын тарату туралы бұйрық шығару.
2. Барлық тараптар АХҚО құқығына сәйкес құрылған компаниялар болып табылады.
3. 2025 жылғы 19 наурызда тараптар Araba компаниясына қосылу туралы шартты («Шарт») жасасты. Шартқа сәйкес Luft және Bordai компанияларының барлық активтері, міндеттемелері, құқықтары мен міндеттері Araba компаниясына берілуі тиіс болатын. Қосылу бірқатар шарттарға, соның ішінде Bordai және Luft компанияларын тарату туралы соттың бекітуіне тәуелді болды.
4. 2025 жылғы 19 наурызда үш компанияның акционерлері Шартта көрсетілген қосылуды бекіту туралы шешім қабылдады.
5. Маған тараптардың кредиторлары болып табылатын тұлғаларға жіберілген электрондық хаттардың көшірмелері ұсынылды, оларда ұсынылып отырған қосылу туралы хабарланған. Сонымен қатар, компания директорларының компаниялар төлем қабілетті екенін көрсететін мәлімдемелерімен таныстым. Бұдан бөлек, бірігу туралы ақпарат жарияланған газеттік хабарламалардың көшірмелері де ұсынылды. Талап қоюшының айтуынша, барлық кредиторлар хабардар етілген және ешқандай қарсылық білдірілмеген.
6. АХҚО-ның «Компаниялар туралы» ережесінің 124-бабы компания мен оның акционерлері арасындағы келісім ұсынылған жағдайларда қолданылады. Осы баптың 3-тармағына сәйкес, егер акционерлердің кемінде төрттен үш бөлігі қолдап дауыс берсе, Сот келісімді бекіте алады. Бұл талап осы жағдайда орындалған.
7. Аталған баптың 2-тармағына сәйкес, Сот акционерлер жиналысын өткізуді бұйыра алады. Алайда бұл жағдайда мұндай жиналыс қажет емес, себебі әрбір компанияның жалғыз акционері тиісті шешімді қабылдаған.
8. Сол сияқты Сот кредиторлар жиналысын өткізуді де бұйыра алады, бұл ретте хабарлама 125-бапқа сәйкес берілуі тиіс. Алайда бұл істің мән-жайына қарай, барлық кредиторлар тиісті түрде хабардар етілген және ешқайсысы қарсылық білдірмегендіктен, мұндай жиналыс өткізудің қажеттілігі жоқ деп есептеймін. Сонымен қатар барлық активтер мен міндеттемелер Araba компаниясына өтетіндіктен, және компаниялар төлем қабілетті болғандықтан, кредиторлардың құқықтары бұзылатынына негіз жоқ.
9. Жоғарыда айтылған мән-жайларға байланысты ұсынылған келісім орынды деп есептеледі және ол бекітіледі.
10. АХҚО-ның «Компаниялар туралы» ережесінің 126-бабына сәйкес, Сот ұсынылған келісімді іске асыруға жәрдемдесетін бұйрықтар шығаруға құқылы. Талап қоюшы тараптарды біріктіру туралы бұйрық шығаруды сұрайды, және мен тиісті бұйрықты шығарамын.

11. Талап қоюшы сондай-ақ бірігудің құқықтық салдарына қатысты заңдық фактілерді белгілеуді сұрайды. Мен бұл талапты қанағаттандырып, тиісті бұйрық шығаруға болады деп есептеймін.
12. Талап қоюшы Luft және Bordai компанияларын тарату туралы бұйрық шығаруды да сұрайды. Бұл Шарттың 6.1(d) тармағына сәйкес алдын ала шарт болып табылады. Менің ойымша, бұл талап АХҚО «Компаниялар туралы» ережесінің 126-бабымен көзделген Сот құзыретіне жатады. Осы мән-жайларды ескере отырып, тиісті бұйрық шығарамын. Үшінші тұлғалардың зиян шегуіне негіз жоқ. Мұндай жағдай туындаған жағдайда, тиісті тұлғалар компанияларды реестрге қайта енгізу туралы өтініш беруге құқылы болады (168-бапқа сәйкес).
13. Бұдан бөлек, талап арызда Araba компаниясына «барлық қажетті регуляторлық өтінімдерді жасауға» рұқсат беру туралы бұйрық шығару сұралған. Менің пікірімше, мұндай әрекеттер үшін соттың жеке рұқсаты талап етілмейді. Сондықтан жеке бұйрық шығарылмайды. Дегенмен, Araba компаниясының тиісті өкілеттіктері бар екенін атап өтемін.

Сот қабылдады,

Судья Том Монтагу-Смит КС,  
Судья, АХҚО Соты

**Өкілдік:**

Талап қоюшының атынан «Inlaw Inc. Ltd.», Астана қ., Қазақстан Республикасы, заңгер Роман Куат Дулатұлы мырза өкілдік етті.